Нельсон Мандела

# ӨЗІ ТУРАЛЫ



# НЕЛЬСОН МАНДЕЛА

Нельсон Мандела

# ӨЗІ ТУРАЛЫ

## Нельсон МАНДЕЛА

«ПОЛИГРАФ-МИР» баспасы.
Астана. 2015 жыл.

УДК 94(68)0
ББК 63.3 (6Южи)
Н 44

Н 44 Нельсон Мандела. Өзі туралы. – Астана: «Полиграф-Мир» баспасы, 2015. – 440 бет.

ISBN 978-601-06-3256-1

Кітап бұрынғы Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Нельсон Мандела және оның өміріндегі кезеңдер мен іс-әрекеттері әрі тұжырымды ойлары туралы.

УДК 94(68)0
ББК 63.3 (6Южи)

ISBN 978-601-06-3256-1

© Рустемов Б., 2015 ж.

РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ДӘЙЕКСӨЗДЕР КІТАБЫ

Селло Хатанг және Сахм Вентердің редакциялауымен

Макмиллан
PQ Blackwell бірге

PQ Blackwell ЖШС бірінші рет басылып және шығарылып отыр
Жаңа Зеландия Аукланд, 1010, Симондс көш. 116 үй
www. pqblackwell. com

Бұл басылым 2011 жылы жарияланған
Pan Macmillan ЮАР
Private Bag X19
Northlands
Йоханнесбург
2116
Оңтүстік Африка

www. panmacinillan. co. za

SA ISBN 978-1-77010-141-8
UK ISBN 978-0-230-75993-0

Негізгі нұсқасы 2011 Нельсон Р. Мандела мен Нельсона Мандела Фонды
Концепциясы мен дизайны 2011 PQ Blackwell ЖШС
Сыртқы тысының дизайны: Камерон Гибб
Кітап дизайндары: Камерон Гибб және Сара Андерсон

Барлық құқықтары қорғалған. Берілген шығарылымның ешбір бөлімдері бастырушының жазбаша ұлықсатынсыз қандай да болмасын ақпараттық-ізденіс жүйелерінде қайта басылуға, сақталуға немесе кез-келген үлгіде, не кез-келген құралдармен (электронды, mehanical, фотокөшірмелермен, жазу құралдары немесе басқа да түрлерімен) жіберілуге болмайды. Кез-келген адам, осы жарияланымға байланысты кез-кезген заңсыз жасаған істері

үшін, жауапкершілікке тартылады жэнс келтірілген зияндарының қайтарылуы жөнінде иск беріледі.

Бастырылған жэне сэйкестендірілген C&COffsetPrintingCo., Ltd, Қытай

Сыртқы тысы мен бейнелеу түрлерінің үлгілері (экстракт жазуы) Нельсон Манделаның жазба кітапшасынан алынған, айы мен жылы белгісіз. Суретке түсіруші Мэтью Вильман.

Нельсона Мандела Фонды.
Нельсон Мандела, Эндрю Цукерман лоскут бейнелері қайтарылады
Нельсон Мандела Фонды.

# КІРІСПЕ

Нельсон Ролихлахла Мандела әлемдегі дәйексөзі ең жиі қолданылатын адамдардың бірі. Өзінің ересек өмірінің басым бөлігінде оның дәйексөздері мүлде қолданылмағаны таң қаларлық жағдай. Оңтүстік Африкада Манделаның дәйексөзін қолданудың ақыры сот алдында жауап беруге, түрмеден бір-ақ шығуға әкеп соқтыруы мүмкін еді. Нәсілдік оқшаулау режиміне сәйкес, тыйым салуда немесе түрмеде отырған кісілердің дәйексөздерін қолдануға болмайтын еді, сондықтан, Манделаға да 1952 жылдың желтоқсан айынан бастап жүйелі түрде тыйым салынды, ал, 1962 жылдың 5-ші тамызынан бастап 1990 жылдың 11-ші ақпанына дейін қамауда болды.

Әрине, 1962 жылғы қазан-қараша айларындағы сот отырысында және 1946 жылы 20 сәуірде Ривониядағы сот отырысында айыпталушы орындығында отырып айтқан, сол кездегі барлық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әйгілі сөздері сияқты, ашық түрде өткен сот отырысында айыпталушы айтқан сөздер, бұл шектеуден босатылды. Осы шектеулер алынып тасталғандығына қарамастан, көпшілік оның дәйексөздерін қолданудан қауіптенді. Ривония ісіне қатысты өткен сот отырысында төрт жарым сағатқа созылған сөзі апартеидке (елдің тұрғындарын нәсілдік кемсітушілік негізінде мәжбүрлеп бөліп-жару саясатына) қарсы күрес тарихында аңызға айналып қалды:

*«Мен, өз өмірімнің кезеңдерін африка халықтарының осы күресіне арнадым. Мен, адамдарды ақ-қара деп нәсілдік жіктеуге қарсы шықтым. Мен, барлық адамдар тең мүмкіндікке ие, өзара ынтымақтастықта тұрып жатқан демократиялық және еркін қоғамды қолдадым. Бұл менің өмірім мен күресімнің мұраты деп білемін. Ал, егер, қажет болып жатса, осы ізгі мұрат жолында жанпидаға баруға да әзірмін».*

Бұл сөздер Манделаның барлық болмысын, ержүректілігін, қайсарлығын және апартеидке қарсы күрестегі оның көшбасшылық орнын айшықтайды. 1964 жылғы 12 маусымдағы сот отырысы аяқталғаннан кейінгі ширек ғасырдан соңғы кезең де, дәл бір дауыл алдындағы тыныштық секілді, Оңтүстік Африкада Нельсон Манделаның есімі ұмытыла қоймады. Ондаған жылдар бойына

оның есімі оңашада немесе апартеид пен оның агенттерінің барған сайын күшейе түскен озбырлықтарына қарсылық ретінде ғана ауызға алынатын. Оның кейбір сөздерін жасырын түрде түрмеден сыртқа шығарып, қудалаудағы Африка ұлттық конгресі (АҰК) жарыққа шығарды, алайда, шын мәнінде, көпке дейін Манделаның үні естілмеді.

Ал 1990 жылғы 11-ші ақпанның жексенбісінде Кейптаун муниципалитетінің (кейбір елдерде қалалық немесе селолық басқарма орны) ғимаратында жақында ғана бостандыққа шыққан Мандела сөз сөйлегенде, ұзаққа созылған осы үнсіздік бұзылды, Гранд-парадқа оның дауысын есту және қолдау білдіру үшін мыңдаған жақтастары жиналды, және теледидение мен радио арқылы миллиондаған аудиторияларға таралды:

*Достар, жолдастар, оңтүстікафрикалық әріптестер, мен сіздердің барлықтарыңызға баршамызға бірдей бейбітшілікте, демократия мен еркіндікте өмір сүруді тілеймін. Мен алдарыңызда пайғамбар секілді болып тұрғаным жоқ, бар болғаны өздеріңізге қызмет етуші адал құлдарыңыздың бірімін. Сіздердің ерліктеріңіз, мен үшін бастарыңызды қауіп-қатерге тіккендеріңіз маған күш-қайрат берді және осында келетін мүмкіндікке ие қылды. Сондықтан, ендігі қалған ғұмырымды өздеріңіздің қолдарыңызға сеніп тапсырдым.*

Бұл жолы оның шынайы сөздерін күллі әлем естіді. Және оның дәйексөздері бұрынғыдан да кең көлемде қолданысқа ие бола түсті. Оңтүстік Африкадағы алғашқы демократиялық дауыс беру жолында күрескен, басқарудың азшылық құрамындағы жолдастарымен бірге қамауда отырып жүргізген келіссөздердегі; президент болып сайланып, осы қызметіне кірісеккендегі, Оңтүстік Африканы, Африка мен бүкіл әлем елдерін аралағандағы, өзінің қайырымдылық қызметін және жүктелген түрлі зейнетақы міндеттемелерін атқарған кезіндегі сөйлеген сөздері халықаралық деңгейде жарияланды. Тіпті зейнетке шыққаннан кейін де көп жылдар өткеннен соң 2004 жылдың 1 маусымындағы оның ресми түрде мәлімделген анонсындағы: «Маған қоңырау шалмаңыздар, мен өзім сіздерге хабарласамын», – дегенін біз Манделаның орталық естелік қорына енгізіп қойдық және ол бұрынғысынша осы дәйексөздердің расында сонықі екендігін анықтау барысында қарастырыла бермек.

Кейін біз, Мандела туралы нактылы ақпараттардан тұрады делініп веб сайттардан алынғандардың көбі дұрыс еместігін анықтадық. Мәселен, Манделаның басты дәйексөздерінің бірі етіп көрсетілгені сөздер, шындығында американдық жазушы Марианна Уильямсонның: *«Махаббатқа оралу: принциптері жөнінде толғанулар, Ғажайыптар тобы» кітабынан алынған.* Ол. *«Біздің терең қорқынышымыз, ол, өзімізді өзгелерден ерекше жаралғандармыз деп сезінуіміз»*, – деп жазды. Көсемсөздерді. әсіресе, Уильямсонның: *«Біз, өзіміздің қорқыныштарымыздан іс жүзінде арылатын болсақ, біздің қатысуымыз сол сәтте-ақ, одан басқаларды да азат етеді»* – деген астарлы сөзін, көбіне Манделаның дәйексөздеріне телу дұрыс емес.

Бұл кітапты жазғандағы мақсатымыз, осылайша, біріншіден. қоғамды накты және кеңейтілген ақпаратпен қамтамасыз ету. екіншіден, Мандела дәйексөздерін бір жерге шоғырландырып. құжат етіп жинақтау. Кітаптың соңында да, оның сөздерінің көпмағыналылығына тоқталамыз. 1964 жылы апартеидке қарсы күресте өзінің қарапайымдылығымен, қара басына төнген қауіпке қарамастан, айтқан сөздерінен дәйектер келтіреді.

Оның сөздерінің құндылығы мен принциптілігі бізді де бейжай қалдырмады. Өйткені Нельсон Мандела сонысымен жиырма бірінші ғасырдың ең ерек, ең сүйікті тұлғаларының бірі болды. Ол сөздерді таңдай біледі. Мағыналы, мәнді. Қысқа, да нұсқа сөйлейді. Тыңдаушыларының көкейіне қона кетуін қалайды. 2000 жылдың 14 шілдесінде:

*«Менің, ешқашан да, сөздерді тура мағынасында қолданған әдетім болған емес. Егер, жиырма жеті жыл түрмеде біз үшін түк те тындырылмаса, бұл сөздің қаншалықты қымбат екенін әрі адамдардың қалай өмір сүріп, қалай дүниеден озатындығын ұғынуға жеткілікті жалғыздықтағы тыныштықты пайдалану»*, – деген болатын.

Ол аудиториямен екі арадағы байланыстың маңыздылығына басымдылық береді, әрі оның бұл сөздерінің айқындылығына1953 жылы 21 қыркүйектегі сөйлеген сөздеріндегі, мынадай дәйексөздері айғақ бола алады:

*«Нақтылы жағдаймен байланыстырылмаған көпірме сөздер, жұдырық түйіп кіжіну, столды тоқпақтау мен табанасты қарар қабылдау, жаппай акция тұғыза алмайды, керісінше, өзіміз қолға алған күресті ұйымдастыруға өлшеусіз кесірін тигізеді».*

Әрине, Манделаның әзілкештігі мен ең қиын деген жағдайлардан шығатын жол таба білетін қасиеттерге ие екендігі де жақсы мәлім. Біз, өзіміздің зерттеулеріміздің барысында көптеген қызықты әжуалы сын-ескертпелерін де кездестірдік. 2005 жылы, ол, өзінің әзілінің мағынасын былайша түсіндірген:

*«Сіздерге, өз идеяларыңызды ұштау үшін, маңайыңыздағы адамдардың деңгейінен өзіңізді төмендету керек, ал, әзіл, тіпті, ең салмақты мәселені талқылау кезінде де аса қажет, өйткені сіздің айналаңызға сонда ғана адамдар үйірсектейді. Және мен мұны ұнатамын».*

Біз, оның 2000-нан артық дәйексөздерін таңдап алдық. Олар алдағы мыңжылдықтарда да Манделаның ойы мен көңіл-күйін білдіре бермек. Дәйексөздер 317 санатқа бөлінді. Хронологиялық тәртіп бойынша. Идеяларының қалайша дамып, алайда көп жағдайда бұрынғы мағынада қала беретініне түсінік беріледі. Мәселен, мына төмендегі цитаталары нәсілге бөлуге жол беруге болмайтыны туралы. Олар1946 және 2005 жылдары қолымызға тиді:

*«Біздер, АҰК-дегілер* ***(Африка Ұлттық Конгресі),*** *әрқашан, нәсілдік емес демократия үшін күресіп келдік. Әрі, тіршілікте бар нәсілдердің бір-бірінен алшақтамауы үшін, кез келген әрекеттен аулақ болдық. Және, мен, біздің қозғалысымыз, әрекетіміз, әрдайым, соларға қатысты болады дегім келеді».*

Негізінде, нақтылы, осы шын берілгендігіміз, тіптен, біздердің соларға байланысты жауапкершілікімізден құтыла алған жағдайымызда да, бізге деген әлемнің құрметіне ие болуға лайықты болдық.

Цитаталар 1951 жылы жазылған сұхбаттан, ол түрмеге қамалғанға дейінгі. 1948 жылдан бергі хаттарынан алынған, арасында 1962 жылдары Африкаға және Ұлыбританияға сапары барысында жазған күнделігінен деректер мен импровизациялық ескертпелері қолданылған.

Біз көсемсөздерін бұрмаламай әрі дәлме-дәл аударуға, контекстегі сөздерінің мәні мен маңызын жоғалтып алмауға тырыса отырып, Нельсон Манделаны баршамыз болып құрметтеуге тиіспіз.

*Нельсон Манделаның Естеліктер орталығы атынан редакторлар*
*Селло Хатанг және Шам Вентер. Наурыз 2011*

Біз өмір сүрген деректің өзі емес, біздің, өзге адамдардың өміріне енгізген айырмашылықтарымыз, біздің ғұмырымыздың маңыздылығын анықтайды.

*Уолтер Сисулу, Зал Уолтер Сисулу, Рандбургтердің 90-жылдығын тойлау, Иоханнесбург, ОАР, 18 мамыр 2002*

## ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сананың төмендеуі, жауапкершіліктің жоқтығы және қоғамдық бақылаудың болмауы адамзатқа қарсы қылмыс пен халықаралық құқықтың бұзылуына әкеп соқтырды.

*Митинг, Блусфонтейн, ОАР, 25 ақпан 1990 жыл.*

Құрылымның қатардағы мүшелері үшін шенеуніктердің жауапкершілігі бұл демократияның келесі жағы. Бұндай жауапкершілік тіпті біздің тұтас халықтың арасындағы қозғалысқа түгел таралуы тиіс.

*АНК ұлттық консультациялық конференция соқындағы митинг,*
*Соккер сити, Соэто, ОАР, 16 қаңтар 1990 жыл.*

Егер сіздер бір әрекетті жасауға ынтазар болсаңыз және оның дұрыстығына көзіңіз жетсе, онда қанша жерден кесе-көлденең кедергілерге кездессеңіз де, оны орындайсыз.

*Ричард Стенгелмен болған әңгімеден, 5 сәуір 1993 жыл.*

Мемлекет пен үкімет құрылымының өзінде демократиялық жауапкершілік пен бақылау жоқ. Бұның шешімін табу үшін, нақты іс-қимыл, әрекет жасау керек және дағдарыс жайлап алған қоғамды түбегейлі өзгертіп, жаңарту қажет. Барлық оңтүстікафрикалықтар тек сонда ғана оны мақтан тұта алады.

*Баспасөздің халықаралық конгресі,*
*Кейптаун, ОАР, 14 ақпан 1994 жыл.*

Біз, әуел бастан демократияға деген жауапкершіліктің маңыздылығына баса тоқталдық. Біздің тәжірибеміз жауапкершілігі де жоқ, әрекеті ашық емес болғанмен де, үкімет тарапынан төнер қауіп бола қалса, оған дайын бола алатындай мүмкіндік берді. Біз бәрінен хабардар болатынбыз. Сол мақсатпен, біздің Ата заңымыз үкіметті мәселенің бір бөлігі емес, керісінше оны шешетін механизм етіп белгілеп берді.

*Халықаралық омбудсманы институтының Африкалық аймақтық семинары, Претория, ОАР, 26 тамыз 1996 жыл.*

# ЖЕТІСТІКТЕР

Біздің жетістіктеріміз, ол, өзімізге де жақсы мәлім, табыстарымызды еселей түсу немесе тез арада назар аударуды талап ететін жіберілген олқылықтар мен қателіктерді елеусіз қалдыру үшін алғышарттар ретінде қолданылмауы тиіс.

*Africa South, 6. 1 басп. жарияланған мақаладан.*
*21 тамыз 1994 жыл.*

Мейлі, үлкен немесе кіші болсын, кез келген жетістіктер заттай сылықтармен немесе қарапайым құрметтермен әрдайым марапатталады. Кейбіреулер, осындай құрметтерден бас тартып жатады, ал, кейбілеулері, керісінше, оларды қабылдағанымен, сол марапаттарды пасықтық түрде өз мүддесі үшін пайдаланып жатады. Дегенмен, қоғамға тигізген пайдасы үшін, оған ие болатындар да бар, және олар, адамдық құндылықтарды биік қою үшін және әділдікке ұмтылыс барысында, оны ұтымды құрал ретінде пайдаланады.

*Дезмондқа және Лей Тутқа жазған хатынан.*
*Роббен аралы, 21 тамыз 1994*

Біз, өзіміздің кемшін тұстарымыз арқылы, адамзаттың неден бойын аулақ салуы керектігін үйрендік. Қай жағынан алып қарасақ та, бұның бәрі адам баласының кез келген белесті бағындыратынын білдіреді.

*Парламент, халыққа бірінші жолдауынан.*
*Кейптаун, ОАР, 24 мамыр 1994*

Біз, қол жеткізген жетістіктеріміз туралы айтып жатқанда, оған даңдайсымай, өзімізді салмақты ұстауға тырысуымыз керек.

*Umkhonto We Sizwe (Ұлттың көшірмесі).*
*Соэтро, ОАР, 16 желтоқсан 2001*

## ҚАБІЛЕТТІЛІК

Адам баласының тәні де, жаны да үздіксіз бейімделуге шексіз қабілетті, және ол кезде, асқан табандылық танытатыны да таңқаларлық. Біз бір кездері мұның қаншалықты маңызды екенін қарастырғанбыз.

*Аделайд Тамбоға жазған хатынан, Роббен аралы, 1 қаңтар 1970*

Адамдардың нендей нәрсеге болмасын бейімделе алатын қабілеті бар.

*«Аңыздар: Нельсон Мандела» документальді фильмінен, 2005*

## КЕҢЕС/ПІКІР

Мен мәселелерді кіммен болсын, тең түрде талқылауға бейілмін, менің көзқарастарым кеңес ретінде ұсынылады. Зардап шегуші оны қабылдауға немесе одан бас тартуға құқылы. Бұл, оның өз еркі.

*Магато Манделаға жазған хатынан, Роббен аралы, 28 шілде 1969*

Егер менен сұрамаса, мен ешкімнің жеке басына қатысты шаруаға араласпаймын. Тіпті, менен сұрай қалғандарының өзінде, менің олармен қарым-қатынасым әрдайым адамдарды біріктіруге құрылады.

*Ричард Стенджелмен болған әңгімеден, 3 мамыр 1993*

## ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР САЯСАТЫ

Азаттық қозғалысы ретінде, біз, халықымыздың анағұрлым әлсіз тобының құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтыламыз. Біз, бұл процестерді позитивтік іс-қимыл бағдарламасы және нәсілдік пен гендерлік кемсітушілік жоқ жерлерде қара нәсілділерді қатарға қосу арқылы қолға алынуы мүмкін деп санаймыз. Біздің, нәсілдік және гендерлік жіктеушілікті, белгілі бір, нәсілдік топтардың зияткерлік еңбекте үстемдік құруын жоюымыз керек. Егер, біз демократияға қадам басудың маңызды кезеңін іске асырғымыз кел-

се, онда, адами ресурстарымызды дамыту қазіргі сәттен басталуы шарт.

*Экономикалық зерттеулерді және саясатты талқылау мақсатында ұлттық әлеуетті тудыруды ойластыру жөніндегі арыздарға қол қою, ОАР, 23 қараша 1991*

Оң әрекеттер, қалыптасқан жайларға да, жеке тұлғаларға да қауіп тудырмайды. Бұл өткен қатені түзетуге бағытталған бүкіл әлем мойындаған әдіс. Ол механизмнен бас тарту дегеніміз, соғыстың, колониализмнің, расизмнің, сексизмнің жемістерінің біздің ортамызда әлі де үгіттеліп жатқанының дәлелі екенін көрсетеді, яғни, кво – дәрежесін қабылдау болып табылады.

*Заң ғылымдарының докторы дәрежесін тапсыру, Сучжоу университеті, Тайвань, 1 тамыз 1993*

Өз кезегінде демократиялық мемлекет нарыққа қолдау білдіріп, оны дамыта бермек. Ал, біз сырттай бақылаймыз. Даму мен өсу біздің араласуымызды қажет еткен жағдайда, іске кірісуге дайынбыз. Олардың арасында өткен кезеңдегі тапқа бөлушілік, қараларға деген теріс көзқарас, әйелдерге деген жөнсіз қарым-қатынас пен ауылдан келгендерді төмен санауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды кемсітуге қарсы механизмдер бар.

*Баспасөздің халықаралық конгресі, Кейптаун, ОАР, 14 ақпан 1994*

Тең мүмкіндіктер саясаты, бұған дейін де мәлімдегеніміздей, апартеид тарапынан құқықтары тұсауланғандардың барлықтарына: африкандықтарға, түстілерге, үнділіктерге, әйелдерге, мүгедектерге, ауыл тұрғындарына, тағысын-тағыларға тиімді болуы керек.

*АҰК 49-ұлттық конференциясы, Блумфонтейн, ОАР, 17 желтоқсан 1994*

Бұл саясат, өздерін жоғары санайтындардың үрейін туғызды. Кей-кейде, бұның бәрі африкандықтардың ғана мүддесі үшін жасалып жатыр деген әңгімелер де болмай қалған жоқ. Және барынша оны жоққа шығарғысы келетін, бірқатар жұмыс берушілер де бар. Сондықтан, барлық іс-әрекет, тек, африкандықтар үшін жасалып

жатыр дегендерге, олардың үкімет саясатын бұрмалайтындарын үнемі айта беру керек. Әлсуметтік ахуалы төмендердің құқығы жоқ деп санайтындар, биліктен бірге оны қабылдауға мәжбүр.

*Оңтүстік Африканың демократтық институтының ұлттық конференциясы, Кейптаун, ОАР, 18 тамыз 1995*

Егер біз биліктің ықпалынан шырмалып шыға алмайтын адамдарды ұстасақ, онда жаңадан ештеңе құра да алмаймыз, бұл дерттен арыла да алмаймыз. Тең құқық саясатын жоққа шығарғысы келіп, құйқылжытатын, қара нәсілдердің өкілеттіктерін мойындағысы келмейтін, шын мәнінде бұл максаттарға қарсы тұрып, бойларын соқыр менмендік билеген, мектеп пен жұмыс орнында ақ, қара деп бөлген адамдар болса, соған да қарамастан, біз, Парламенте өзіміздің алғашқы сауалымызды жолдадық. Біз, өзіміздің қоғамымымыздағы байлықтың, мүмкіндіктің және биліктің әділ бөлінуін қамтамасыз ету үшін ынтымақтасуымыз керек.

*Халыққа жолдауынан, Кейптаун, ОАР, 9 ақпан 1996*

Үкімет пен Африка Ұлттық Конгресі ойластырғанындай, сындарлы іс-әрекет, бұрындары апартеид құқықтарын шектеп келгендерге: африкандықтарға, түстілер мен үндістерге берілер мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Біз, оның, тек қана, африкандықтар үшін қолданылатынына мүлдем қарсымыз. Ол, осыған дейін үстемдік құрып келген ақ нәсілділерді қолайсыз жағдайда қалдырмауы керек. Бұл, осыған дейінгінің бәрін таза құртып жіберуге емес, керісінше жаңа мүмкіндіктер жасауға бағытталуы тиіс. Бұл, жаңаларын құру емес, өткеннің қателіктерін түзетудің құралы. Ол дұрыс жүзеге асырылғанда апартеид назарға алмаған халқымыздың орасан зор әлеуетін іске қосады.

*Батыс Кептік аймақтың іскер қоғамымен кездесу, Кептаун, ОАР, 6 желтоқсан 1996*

Біз тең мүмкіндіктер саясаты, білім беру, кедейлік, баспана және жұмыссыздық төңірегіндегі нақтылы қорқыныштарды қарастыруымыз керек. Кейбір саясаткерлер, бұл үрей мен қорқынышты, АҰК өркендеген қоғам үшін, әлі де баспана еместігін өз пайдала-

рына жаратқысы келген терминдерді, нәсілдіктен ажырата білуіміз қажет.

*Батыс Каптық аймақтың АҮК және филиалының басшыларымен кездесу*

Тең мүмкіндік саясаты төңірегінде, үкімет, өз көзқарасын үсті-үстіне мәлімдеді. Заң бойынша, өз мүмкіндіктерін пайдалана алмай келген қоғамның белгілі бір өкілдерін, біліммен, еңбекпен, басқа да әлеуметтік жағынан қамтамасыз етуге тырысамыз. Ұзақ жылдардан бергі қайта түлеуден кейін, кез келген басқа бағыт үлкен келеңсіздікке әкеп ұрындырады. Қалай болғанмен, Конституция бізге, осы бағдарламаны жүзеге асыруды міндеттейді.

*Халыққа жолдауы кезіндегі қорытынды айтылымдар. Парламент, Кейптаун, ОАР, 12 ақпан 1997*

Біздің студенттеріміздің бәрі, тек, Оңтүстік Африкадағы ғана емес, әлемнің барша аймақтарындағы өз әріптестерімен бәсекеге қабілетті болулары керек. Өз кезегінде, позитивті әрекеттер бұрынғы жіберілген қателіктерді түзетуге көмектеседі, бірақ, ол, біздің қоғамның тұрақты ерекшелігі бола алмайды.

*Зерттеу және оқыту жөніндегі ұлттық компанияны іске қосу, Соуэто, Иоханнесбург, ОАР, 20 ақпан 1997*

Тең мүмкіндіктер саясаты – үйлестіруші әрекет. Онда толық тең құқықтықты қамтамасыз ету үшін, нәсілдік кемсітушіліктен бас тартудан басқа жол жоқ.

*Халыққа үндеуден, Парламент, Кейптаун, ОАР, 6 ақпан 1998*

Біз өзіміздің одағымыздың аясындағы альянстарға сенім артуға болатындығын, әрі нәсілсіздікті жан-тәнімен жақтаушылардың осы оң іс-әрекеттерді, ешқашан да, бір топтың екіншісінің есебінен үстемдік алу құралы ретінде пайлалануын қамтамасыз етуге жол бермейтіндігін жақсы білеміз.

*Мамыр күніне арналған митингтен, Кимберли, ОАР, 1 мамыр 1998*

Әйелдердің өмірін өзгерту және ұлт ретінде, өз мақсатымызға қол жеткізу үшін, біз еліміздің демократиялық және саяси өмірінің барша саласында нәзік жандылар өз үлестерін қосып, оған араласа алатынына кепіл болуымыз керек. Демократиялық үкімет және тең құқықтық мүмкіндіктер саясаты, сонда ғана ықпал ете бастайды.

*Бүкіләлемдік ауыл әйелдері күніне арналған симпозиумнан, Мтата, ОАР, 15 қазан 1998*

Біз, TRC (Шындық пен бітімгершілік комиссиясы) еңбекпен қамту саласындағы қанағаттанарлық іс-әрекеттерді және теңдікті ұштастыру, сондай-ақ қажырлы жұмыс мәдениетін, тиімділігі мен адалдығын нығайту есебінен, біздің құрылымдарымызды трансформациялау мен топтастыруды жаңаша серпінмен мемлекеттік және жеке секторларда қайта қарауға кері қайтару үшін шығарған бұйрығын барынша қуаттаймыз.

*КПП есебі жөніндегі арнайы пікірталас, Кейптаун, ОАР, 25 ақпан 1990*

## АФРИКА

Африкандық халықтың тікелей жаулары, атап айтсақ: Ұлыбритания, Испания, Португалия, Италия және Оңтүстік Африка туралы ойлай отырып, бізге жанама дұшпандарды да есten шығаруға болмас. Олар, алдыңғыларынан да, әлдеқайда қауіпті болуы ықтимал. Олар – капитал, несие – бәрінен де үстем болып шығуы, әбден мүмкін. Барлық әлемдегі адамдармен бірге, Африкада да, онымен күрес тоқтаған емес.

*Президенттің АҮК жастар қанатының жыл сайынғы конференциясына жолдауы. ОАР, желтоқсан, 1951*

Құрылықтың болашағы, американдық империализммен біріккен кемсітушілік режимдердің қолында емес. Ол бұқаралық жаппай қозғалыстарында көрініс беретін, Африка халықтарының ортақ жері екендігінде.

*«Африкадағы жаңа қауіп» мақаласынан, Liberation, наурыз 1958*

Құрлыққа сапарларым шынайылыққа қол жеткізді. Мен алғаш рет өзімді ақтардың ықтыруынан босаған, апартеидтен құтылған, нәсілдікке бөлген полицияның менсінбей қарап, балағаттауынан ада еркін адам ретінде сезіндім. Ең бастысы, қайда барсам да, мені адам ретінде қабылдады, бағалады.

*Еңбекшілер арасында, бүлікке итермелеп және елден заңсыз кетуге үгіттеп, арандатушылық туғызғаны үшін тағылған айыптарын жеңілдетуде,*
*Ескі Синагога, Претория, ОАР, қараша 1962*

Біріншi кезекте, мен, өзімді африкандық патриот санадым.

*Ривония ісі бойынша сот талқылауы кезіндегі айыпталушылар орындығынан сөйлеген сөзінен,*
*Әділет ғимараты, Претория, ОАР, 20 сәуір 1964*

Батыс өркениеті, менің африкандық тегімді түбегейлі жойып жібере алмады.

*Роббен аралында жарияланбаған өмірбаяндық қолжазбадан, 1975*

Бұны жалпыландыру қаншалықты қауіпті болғанымен, бұл ортаның адамдарының капиталистік және социалистік елдерге тән көптеген мәселелерге деген көзқарастары өзгеше.

*Лорд Никол Бетхеллге жазған хатынан, Полсмур түрмесі.*
*Кейптаун, ОАР, 1 сәуір 1985*

Африкандық орта, қоршаған ортаның маңыздылығын жақсы түсінеді. Бірақ, қоршаған орта бойынша, қиындықтың көбі – ол, негізінен білімсіздіктен және кедейшіліктің кесірінен туындайды. Африканың, өз шикізаты да және орманды отау, топырақты, табиғатты ластауға қатысты мәселелермен айналысатын ілімі де жоқ еді.

*Қойын жазба кітапшасынан, желтоқсан 1991*

Сөз жоқ, Африкада авторитарлық басқарудан бастап, көппартиялы демократияға дейінгі қозғалыс бар. Тараптардың әрқайсы-

сының, өз саяси көзқарастарын білдіретін мүмкіндіктері бар. Бұл қадам Африкада, енді, бұрынғысынан да нығая түсті. Менің пайымдауымша, жуық арада топан су басталады.

*«Соңғы мил: Мандела-Африка және демократия» деректі фильмінен, 1992*

Демократиялық құндылықтар туралы түсінік бар. Оны қолдану қазіргі жағдайда африкада оңай емес, бәрінде болмаса да, бірқатар африкандық елдерде көптеген жемқорлық белең алды.

*Сонда.*

«Африка – африкандықтар үшін», нәсілшілдік мағынада болған емес... Мен, Африкаға қоныс тепкен ақ нәсілділер, қоныс аударуы тиіс, дейін деп отырғаным жоқ. Бұл, колониялық жүйенің аяқталуы тиіс дегенді білдіреді.

*Ричард Стенджелмен болған әңгімеден, 21 желтоқсан 1992*

Айтар болсам: «Бірлік, білесіздер ме, Кейптауннан Каирға дейін» деп айту, ол, және Мароккодан Мадагаскарға дейін дегендей ,айтуға оңай қиял еді. Онда, олар, бір үкімет жайлы меңзегендері болатын, мен мұндай құқықты әуелден қолдамадым. Ал, олар, түрлі үкіметтердің әрекеттерін, үйлестіруші пан-африкандық ұйым жөнінде айтқандарында – мен оларды қолдадым. Бір үкімет жөніндегі түсініктері, менің ойымша күлкілі.

*Сонда.*

Егер, африкандық адамдардың аталмыш елде дамуын ақ нәсілдер үзіп тастамағанында, олар да, өзгелер сияқты дами беретін еді. Ешкіммен-ешбір қарым-қатынасқа түспей-ақ, Еуропа да, көптеген жетістіктерге жетпеп пе еді?

*Ричард Стенджелмен болған әңгімеден, 22 желтоқсан 1993*

Оңтүстік Африкаға бостандық әкелген титандық күш-қуат, және Африканың да азаттық алуына кепілдік берген әлемдегі қара адамдардың дәлел-дәйектері болып табылады. Мұндай, құтқару

атты ғажайып сыйды, ақ адамдар үшін, адамзат заңдылығының ауыр күндердегі зардаптарын өз мойындарына алуына итермеледі.

*Африкандық бірлік ұйымының саммитында, Тунис, 13 маусым 1994*

Африкаға, өзінің қанын төксе де, оның барлық ұрпағы еркіндікте болу үшін, өз балаларының өмір жолын алмастырды. Бұл, барша Африка бостандық алу үшін, оны шикізатқа қол жеткізіп, шектеулі байлыққа кенелтті. Біз жеңу үшін, аузын ашса – жүрегі көрінетіндей, ол, қонақжайлық танытты, келелі кеңестерге толы саналарын оятып, бастарын көтертті. Осы уақытқа дейін миллион рет қолы тиген соқамен, қазіргі уақытта, бірнеше ғасырлар бойына жиналған азаптаудың зардаптарын сыртқа казып шығарған.

*Сонда.*

Біздің күресіміздің тарихы жазылған тұста, ол, африкандық ауызбірліктен сыр шертеді, африкандық принциптерге ұмтылысты көрсетеді. Ол құрбан болғандар жайлы, жүрек тебірентер оқиғаларды баяндайды, ол, әрине, біздің ортаның адамдары жасаған жұмыстар туралы және адамды қорлайтын апартеидтің келмеске кетуі үшін.

*Сонда.*

Егер, еркіндік, бостандық үшін күресушілер Африка анасының басына кигізетін тәж болатын болса, олар мәңгілік болсын. Бақыт, байлық – ол балаларының жақсы тұрмыс кешуі деген сөз.

*Сонда.*

Ағаштың, күтіп-мәпелесе ғана жайқалып өсетіні секілді, егер, біз бар күш-жігерімізді сала еңбек етіп, оның өркендеуіне атсалыссақ, біздің өлкеміз сонда ғана гүлдене түспек. Бұл ағаш көкке бойлап өсетін болғандықтан, біз де жоғары белестерді бағындыра беруге тырысамыз. Оның филиалдары қанатын жайып келеді, сондықтан, бізге, сонымен қатар, аймақты, барша Африка құрлығын камтыған әріптестік қажет.

*Готла (дәстүрлі ассамблея), Серове, Ботсвана, 6 қыркүйек 1995*

Құрылық адамдары шыдамсыз және барлық жағдайда да алдыңғы қатардан көрінгілері келеді. Олардың істегендері дұрыс, олар жақсы тұрмыс үшін жұмыс жасап, күресседі. Саясатта да әлеуметтік жағдайда да еркіндікті пайдаланады. Өйткені олар осы қоршаған ортада өмір кешуде.

*Африкалық бірлік ұйымының саммитінде,*
*Яунде, Камерун, 8 шілде 1996*

Бізге, кеткен есеміздің орнын толтыру үшін, біздің арқамызда әжептәуір мөлшерде еселеніп көбейген экономикалық және ғылым саласындағы қаржылық көмектеріміздің әділ үлесін талап ете аламыз, бірақ, ол өте ертеде болғандықтан, қаржылық тәуелділік шеңберін бұзуымыз керек болады.

*Сонда.*

Ғасырлар бойына ескі құрылық көптеген ен таңбалы жаралардан қансырады. Ертеректе ол өзінің миллиондаған талантты ұлқыздарын жоғалтты, сол бір құлдарды сатудың кесірінен, олар африкалық болғандықтан, құлдыққа ғана жарамды деп есептелдІ.

*Парламенттің бірлескен палатасындағы үндеуден,*
*Вестминстерлік зал, Лондон, Англия, 11 шілде 1996*

Күні бүгінге дейін біз өз арамызда кейбір қол жеткізген жетістіктерімізден айырылып қалып жүрміз, өйткені әлемнің дамыған басқа елдерінде жарық анағұрлым жарқырап тұр.

*Сонда.*

Шиеленіс қол жеткізген табыстарымызға ғана емес, сонымен қатар біздің ортақ болашағымызға да қатер төндірстіндігін мойындай отырып, баршамыз болып бірлесе кейбір африкандық жанжалдарды бейбіт саяси жолмен шешудің жолдарын қарастырдық.

*Угандадағы Музевени Президенттің құрметіне банкет,*
*Кейптаун, ОАР, 27 мамыр 1997*

Егер, Африкадағы іс-әрекеттер, Африка үшін құрлықты он тоғызыншы ғасырдағы сияқты, қайта қалпына келтірудің жаңа айқасына айналса, онда, ол тарихтың ең қатал тәлкегі болар еді.

*Оксфордтағы исламдық зерттеу орталығынан.*
*Шелдониан Театры, Оксфорд, Англия, 11 шілде 1997*

Басқа кез келген құрлыққа қарағанда, Африканың, басқыншылық салдарларының зардаптарын жоюмен, өзінің тарихтағы орнын елемеушілікпен, оның халқын өзгерістер мен жетістіктерге жету мүмкіндіктерін жоққа шығарушылықпен күресуіне тура келді. Бүгінде, мұны әлем жұртшылығы жақсы түсінді. Көзімізді көлегейлеген тұмандар сейілді.

*Сонда.*

Сана мен қазіргі тыныс-тіршілігімізге қарай, Віко хабарласқандай, оның жолдастары бүгінде молшылықты қажетсінеді. Олар өздерінің, біздің анықтағанымыздай, біз – африкалық құрылықтағы африкалық елміз деп санайды. Олар өзге адамдардың алдап-арбауына жол бермей, тойтару үшін, бар күш-жігерлерін аямай жұмсайды.

*Ист-Лондонда Стив Биконың өлгеніне жиырма*
*жылдығына байланысты орнатылған*
*ескерткіштің ашылуында, 1 қыркүйек 1997*

Құрлықтың кез келген жеріндегі тұрақсыздандыратын жанжалдар біз үшін тым көп. Африка халқы және көшбасшылар ретінде біздің міндетіміз, жағымсыз тұстарды талқыға сала бермей, өзіне қарай еліктірген, қандай да бір мүмкіндіктерді қалт жібермеу.

*Африка бейбітшілігі сыйлығын Мозамбик мемлекетіне беру.*
*Дурбан, ОАР, 1 қараша 1997*

Ақиқатында, Африка өзінің қайта өрлеу арманына қол жеткізу үшін нені қабылдаса, соған ие. Біз соғыстың өртеңінде өскендерміз.

*Сонда.*

Әзірге, құрылықтағы адамдардың басым бөлігі, өздерін бұғаудағыдай, қаналушы тап ретінде сезінеді, демократиялық шешімдер

қабылдауға қосылмайды және еркін, тіпті, әділ сайлау дегеннің өзінде де, өз көшбасшыларын сайлай алмайды. Осындай жағдайда, әрине, әрдайым шиеленісті жағдай туындап, жанжал орын алады. Заңды өкімет, тек, өз пікірін ғана есепке алып, еркін тыныстауға мүмкіндік бермей жатса, саналылар дәйекті арыз-шағымдарды өздерінің бас пайдасына жаратып, негізгі мәнінің өңін теріс айналдырып жібереді.

*Сонда.*

Біз адам өмірін дамытатын, бір кездері ғылым мен өнердің, техниканың жетекші орталығы болған, құрылық жайлы айтып отырмыз. Ол түрлі аумалы-төкпелі дәуірлерді басынан өткерді. Олардың, әрқайсысы, тұрғындарын кедейшілікке, қоғамнан қалыс қалуға әкеп ұрындырды.

*АҮК елуінші ұлттық конференциясының ашылуы,*
*Сотүстік-батыс институты,*
*Мафикенг кампусы, ОАР, 16 желтоқсан 1997*

Саяси қарсы пікір білдірушілерді, ешбір сотсыз тұтқындау, демократиялық мемлекеттің негізгі принциптеріне карама-қайшы келеді және біз, осы аймақтың мемлекеті болғандықтан, Хараре Декларациясы міндеттейтіндей, еркін саяси іс-әрекетер жасауға деген сенімнің нығаюына қызмет етпейді.

*Замбидің бұрынғы Президенті Кеннет Каунды тұтқындау*
*кезіндегі үндеу, 26 желтоқсан 1997*

Біздің ешқайсысымыз, елден ерек көзсіз батыр емеспіз және екінші адамның жетістігінсіз, ешқайсысымыз, ешбір белесті бағындыра алмаймыз. Жүкті жұмыла көтерсең ғана жеңіл болады. Бұл – ортақ тағдырдың талабы. Әлем жайлы құрылықтағы тұрақтылықты, жалпыға ортақ проблема ретінде қарастыруымыз керек.

*Африкалық бірлік ұйымының саммитінде,*
*Уагадугу, Буркина Фасо, 8 маусым 1998*

Менің пікірімше, біздің бәріміз, ұлттық егемендікті, өз жеке пайдамызға жаратпауымыз керек, құрылықтың қалған бөлігінің